



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 93 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І

*Дизайны өзгертілген
номиналдық құны 1000 (бір мың) теңгелік банкнотты
айналысқа шығару туралы*

2014 жылғы 12 желтоқсан

Алматы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Дизайны өзгертілген номиналдық құны 1000 (бір мың) теңге банкнотты айналысқа шығару туралы» 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 100 қаулысын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі **2014 жылғы 1 желтоқсанныан бастап** дизайны өзгертілген номиналдық құны 1000 (бір мың) теңгелік банкнотты айналысқа шығару туралы хабарлайды.

**Дизайны өзгертілген номиналдық құны 1000 теңгелік
банкноттың сипаттамасы**

Банкнотмөлшері 134x70 мм қағазда дайындалған.

Бет жағы:басым түс – сары-қоңыр, басым бейнелер тігінен орналасқан. Негізгі бейнелер: банкноттың оң жағында «ҚазақЕлі» монументі және төменгі жағында ортада ұшып жүрген көгершіндердің бейнесі. Жоғарғы бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: мемлекеттік елтаңба және мемлекеттік ту бейнеленген. Сол жағында төменгі және жоғарғы бөлігінде номиналдың цифрлық белгісі, сол жақта ортада номиналдың мемлекеттік тілдегі әріптік белгісі басылған. «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу жоғарғы сол жақ бұрышта орналасқан, оның астында қолдан жасау жауапкершілігін ескертетін мемлекеттік тілде «Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады» деген жазу бар.



Сырт жағы: басым түс – сары-қоңыр, басым бейнелер көлденеңінен орналасқан. Негізгі бейнелер: Батыс Қазақстандағы Үстірт шоқысы, артқы жағында Қазақстан картасының контуры бейнеленген. Төменгі сол жағында, жоғарғы оң жағында банкнот номиналының цифрлық белгісі, ал төменде ортада – орыс тіліндегі әріптік белгісі. Жоғарғы жағында ортада «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу басылған, төменгі жақта ортада банкнот номиналының әріптік белгісінің үстінде «Подделка банкнот преследуется по закону» деген жазу бар.

